астында ыза су қабаты (грунтовая вода) пайда болып, оның деңгейі жылдан – жылға жер бетіне жақындай түседі. Міне осы суармалы жерлердегі жерасты ыза сулары осы аймақтардың топырақтарының мелиоративтік жағдайларын нашарлататын басты фактор, кейбір өңірлерде суармалы жерлерді батпақтануға әкеп соқса, көпшілік жағдайда олардың сорлануына (тұздануына) себеп болады. Оның себебі бұл ағынсыз шөлді аймақтарда топырақ және жерасты қабаттарында әдетте суда ерігіш тұздардың біршама қорлары болады. Осы тұздар ыза суларда еріп, жер бетіне жақындаған сайын оның мөлшері көбейе түседі. Жер бетіне жақындаған сулар буланған кезде олардың құрамындағы тұздар топыраққа қонып, суармалы жерлерді сорландыруда. Ал сорланған топырақтар егістік өнімін көп төмендетеді, көп жағдайда тіпті жоқ етеді. Сондықтан бұл аймақтарда жерасты ыза суларының деңгейлерін міндетті түрде қолдан реттеуге тура келеді. Бұл аса күрделі қымбатқа түсетін инженерлік құрылыстар. Яғни егістік жерлеріміздің жерастында түзілген ыза суларының деңгейлерін қолдан қазылған терең су қабаты арқылы реттеу. Депутат мырзаның келтірген мәліметтеріне қарағанда облыс егін алқаптарындағы қазылған 908 шақырым бас және шаруашылық ірі су қашыртқыларының, оған қоса жалпы ұзындығы 10,5 мың шақырым ішкі су қашыртқыларының істен шығуы – көптеген суармалы жерлерді жарамсыз еткен. Бұл жағдай әрі қарай төзуге болмайтын мәселе. Суармалы жеріміз – алтын қорымыз, оны міндетті түрде жоғарғы деңгейде жүргізіп, жерберілген қателерді тез іске қосу керек [4, 214 – 217 б].

Зерттеу нәтижелері

Оңтүстік Қазақстан облысы – республикамыздағы суармалы егістігі мол облыстардың бірі.

Облыстағы суармалы жер көлемі 511,7 мың гектар, оның 392 мың гектарында мақта шаруашылығы. Сонымен бұл облыс республикамыздағы аса бағалы техникалық мақта дақылын өсіретін жалғыз облыс. Кеңес өкіметі кезінде тоқыма өндірісін мақтамен қамтамсыз ету үшін Өзбекстан мен Қазақстан шекарасында орналасқан Мырзашөл аймағын мақта өсіруге игеру басталды. Ол үшін Сырдария суын осы аймаққа бұру үшін ірі ирригациялық – инженерлік күрделі жүйелер салынды. Қазақстан аумағындағы Мырзашөл өңіріндегі алғашқы мақта шаруашылығы «Мақтаарал» кеңшары 1924 жылы құрылып, Қазақстандағы мақта шаруашылығын дамытуда аса үлкен рол атқарды. Осы кеңшар жерінде мақта шаруашылығы жөнінен тәжірибе станциясы болып, мұнда аса алдыңғы осы саладағы жетістіктер енгізіліп, сыналып, басқа шаруашылықтарға үлгі болды. Бұл шаруашылықта мақта өнімінен әлемдік рекордтық өнім алынбағанымен аса жоғары өнімдер алынды. Мысалы, звеножетекшісі У. Ділдебеков 1947 жылы өзіне бекітілген 14 гектар мақта егісінің әр гектарынан 65 центнерден өнім алды. Мақта егісі негізінен осы мырзашөлдегі мақтаарал ауданында өсірілгенімен, облыстың Шардара, Сарыағаш, Түркістан аудандарында егіліп отанға тапсыруда, дәлірек айтсақ жылына 400 – 450 мың тонна тапсыруда.

Мақтамен қатар облыс жерінде біршама күріш (Шардара ауданында), бау – бақша, жүзімдіктер, дермене дәрі шөбі, малазықтық шөптер, көкөністердің көп түрлері өсіп жақсы өнімдер берді. Ренішке орай, бұл облыстағы суармалы жерлерінде соңғы 15 – 20 жылдарда мелиоративтік жағдайлары көп төмендеп, егістіктен шығып қалған жерлер аз емес. Депутат мырзаның мәліметтеріне сүйенсек облыстың суармалы егістік жерлерінде кезінде салынған (бұрғыланып) 1903 дана тік дренаждық (суқашыртқыларының) 1846 данасы жұмыс істемейді, 4743 шақырым тазаланғандықтан жөнді жұмыс істемеді. Бұл жұмыстарды тез қолға алып жөндеу кезек күттірмейтін мәселе.

Жамбыл облысы. Суармалы жер көлемі облыста 230 – 250 мың гектардай. Бұл жерлерге егілетін негізгі дақыл аса қымбатты қант қызылшасы. Бұрынғы кезеңдерде тіпті егілмейтін бұл дақыл кеңестік уақытта бұл аймақта екінші отанын тапты. Сонымен қызылша өнім жөнінен Жамбыл облысы республикамыздың кезіндегі кеңестік аймақтағы алдыңғы сапта болған. 1940 – 1950 жылдары даңқы қызылша өсіруші звено жетекшілері социалистік еңбек ерлері С. Оңғарбаев, Д. Жантоқова, әр гектардан алынған қызылша өнімдерін 700 – 800 центнерге жеткізген. Одан кейінгі жылдары осы апаларының ізбасарлары Т. Байназарова, Т. Абдуллава сияқты қызылшашылар әр гектардан алынған өнімді жыл сайын 600 – 700 центнерге жеткізіп жүрді.

Ренішке орай, соңғы жылдары бұл көрсеткіштер төмендеп кеткені байқалды. Бұл жағдайды көп кешікпей қалпына келтіріп, керісінше жақсарта түсу міндеті тұр. Себебі, қантқа деген сұраныс жылдан жылға өспесе кемімейтіні түсінікті жағдай.

Қызылша мен қатар суармалы жерлерде мал азықтық шөптер, бау – бақшалар, көкөністер, дәнді – дақылдар т.б. өсіріледі. Ескеретін жағдай, суармалы жерлер бұл облыста негізінен тау етектерінде біршама төмен қарай еңісі бар жазықтарда орналасқандықтан топырақтың екінші сорлануы, батпақтануы көп байқалмайды.

Алматы облысы. Суармалы жердегі егістіктер көлемі облысқа 470 – 500 мың гектар шамасында. Негізгі дақылдар қант қызылшасы, жүгері, біршама күріш, жеміс ағаштары мен жүзімдіктер ауыспалы егіс жүйесіндегі шөптанақты мал азықтық шөптер және көкөністі дақылдар. Бұрын егілмейтін қант қызылшасы облысқа тек екінші отанын тауып ғана қоймай мұнда әлемдік рекордтық өнімдер алынғаны белгілі. Социалистік еңбек ері атағына екі рет ие болған Н.Алдабергенов өзі басқарғандықтан Мұқыр ауылындағы ұжымдарда 10 гектар жердің әр гектарынан қызылша өнімін 834 центнерге жеткізсе, даңқты звено жетекшісі О.Гонаженко өзінің звеносындағы біршама жерден қызылша өнімін гектарына 1500 – 1600 центнерге жеткізіп, әлемдік рекордтың өнім алған. Ал гектарынан өнімді 400 – 500 центнерге жеткізген бригадалар мен звено жетекшілері кезінде аз болмаған.

1930 жылдары егіле бастаған темекі дақылыда Жетісуда өзінің нағыз отанын тапты деуге болады. Қырым облысында гектарынан небары 12 центнер өнім беретін темекі Алматы темекі кеңшарында өнімді гектарына 35 – 40 центнерге жеткізген. Әлемдік деңгейдегі ең мол өнімді шаруашылық атанды. Алматы төңірегінде АҚШ – тың темекі өңдейтін Филип Морис мекемесін ашу тегін болмаса керек. Жаркент ауданындағы социалистік еңбек ерін екі рет алған «Октябрьдің 40 жылдығы» ұжымшарын көп жыл басқарған Н.Голавацкий кезінде жыл сайын мемлекетке 100 мың центнерден астам қымбатты жүгері тұқымын өткізіп тұрды. Ал жеке жүгері өсіруші М. Ниязова, Т. Ушуров сияқтылар суармалы жердегі жүгері дәні өнімін гектарына 95 – 100 центнерге жеткізсе, сүрлемдік көк балаусадан 500 – 600 центнерге шейін өнім алған [5, 56 – 65 б].

Қорытынды

Қазақстанның қысқаша топырақ климаттық сипаттамасынан қазақ жерінің басым бөлігі құрғақ шөлейт және нағыз шөл зоналарда орналасқан. Орташа есеппен мұндай аймақтар Қазақстан жерінің 80 % жуық ауадан түсетін ылғал тек солтүстік облыстар мен орталық облыстарымыздың терістік шеткі бөліктерімен оңтүстік шығыстағы таулы аймақтардың біршама етектерінде егілген егістерді қамтамасыз етеді. Мойындауымыз керек, Қазақстанда суармалы егіншіліктің өріс алуы қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік заманмен байланысты. Оның себебі де түсінікті. Суармалы егіншілікпен айналысу оңай шаруа емес, ол күрделі инженерлік құрылыс жүйесі. Суармалы егіншілік үшін барлық

жерлер қатарынан жарай бермейді. Ол үшін міндетті түрде топырақтың майда уақталған қабаты жеткілікті, зиянды тұздар аса мол болмай, жер беті бір бағытқа еңісті тегіс болуы және жер астының да бір бағытқа қарай еңісті болуы керек. Жоғарыда айтылған төрт облыста суармалы егіншіліктің даму жағдайлары бірдей емес. Мәселен, Қызылорда облысында барлық егіншілік тек суармалы жағдайда мүмкін, яғни егіншілік 100 % суармалы, Оңтүстік Қазақстан облысында суармалы егіншіліктің үлесі 90 % – дан асады, ал Жамбыл мен Алматы облыстарында суармалы егіншіліктің үлестері бүкіл егіншіліктің 70 – 80 % түзеді. Біршама егістіктер тау етегіндегі суармайтын егістіктер.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылай келе, айтармыз республикамыздың суармалы жерлері біздің алтын қорымыз, мұнда басқа өңірлерде өсе бермейтін ылғал мен күн сәулесін мол пайдаланатын аса қажетті, қымбатты астықты дақылдар: күріш, жүгері, тары, техникалық дақылдар: мақта қант қызылшасы мен темекі т.б жақсы өсіп тамаша өнімдер береді. Жоғарыдағы келтірілген мысалдар толық дәлел. Ренішке орай, кейінгі жылдары еліміздегі кезінде көлемі 2,5 млн гектарға жуықтаған және өнімі де мол суармалы жерлеріміздің көлемі 1 млн гектарға дейін төмендеп, көптеген суармалы жерлеріміздің мелиоративтік жағдайлары нашарлап, істен шығып кетті. Кеңестік кезеңде бүкіл одақ бойынша және әрбір республикаларда суармалы егіншілік жағдайын бақылап, тексеріп, отыратын арнайы мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, олардың облыстық, аудандық, тіпті әр шаруашылықтар өкілдері болатын. Қазіргі кезде бұл мәселелермен айналысатын жоқ сияқты. Біздің ойымызша бұл аса қажетті мәселе.

Қорыта келгенде, Қазақстанда суармалы егіншілікті барынша дамыту кезек күттірмейтін өзекті мәселе болып отыр, себебі, халықтың күннен күнге артып отырған қажетін, арзанда экологиялық таза өніммен қамдау және жаңа жұмыс орындарын ашумен қатар экономикалық тиімділігі жоғары суармалы егіншілікті дамыту біз үшін жалпы кластырлық жүйені жолға қойып отырған еліміз үшін өте пайдалы болмақ.

Әдебиет:

1. Оспанов Ө., Жамалбеков Е. Құнарлы жер – құтты мекен. Алматы, Ғылым, 1983.
2. Қазақстанның топырақ жамылғысы мен жер қорлары, оларды бағалау, қорғау, тиімді пайдалану. Оспанов.Ө, Жамалбеков.Е, 2005, Қазақ университеті.
3. Мемлекет арасында суды дұрыс бөлу қажет.
4. Әуелбек Зәуірбек, Жас қазақ 2007 жыл 8 маусым.
5. Суармалы жеріміз – береке бастауы. Е.Жамалбеков, Егемен қазақстан, 2006 жыл 25 қараша.
6. Имангазиев К. Егіншілікте тыңайтқыш қолдану жүйесі. Алматы. Қайнар.

ӘОЖ 636.933.

**ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАРДА «ГЕНЕТИКА ЖӘНЕ СҰРЫПТАУ
НЕГІЗДЕРІ» ТАРАУЫНА ОҚЫТУДА ЖАҢА ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ**

Байбеков Е.

*(а.ғ.д., профессор, биология кафедрасы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ – Түрік университеті, Түркістан, eribay54@mail.ru)*

Әмзеева Ш.Ғ.

*(магистр, биология кафедрасы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ – Түрік университеті, Түркістан)*

Аңдатпа

Мақалада жоғары сыныптарда «Генетика және сұрыптау негіздері» тарауын оқытуда жаңа әдістерді пайдалану сипаты сарапталған. Тәжірибе жұмыстары Түркістан қаласының мектептерінде жүргізілді. Тәжірибенің алғашқы кезеңінде жеке оқушының дербес ерекшеліктері, ынтасы, мүмкіндіктері анықталды. Алынған нәтижелер Түркістан қаласының тәжірибе өткізген мектептерінде қолданылады.

Түйінді сөздер: сынып, сұрыптау, селекция, оқыту әдістері, оқушылар, инновациялық оқыту.

Аннотация

В статье анализируется характер использования новых методов в преподавании главы «Генетика и основы отбора» в старших классах. Экспериментальная работа проводилась в средних школах города Туркестан. На начальном этапе эксперимента были идентифицированы индивидуальность, энтузиазм и способности отдельных учеников. Полученные результаты используются в школах Туркестана.

Ключевые слова: класс, отбор, селекция, методы обучения, ученики, инновационное обучение.

Annotation

In the article it has analyzes the use character of new methods in teaching the chapter «Genetics and selection basics» in high school. Experimental work was carried out in the schools of Turkestan. At the initial stage of the experiment, the individuality, enthusiasm and abilities of individual students were identified. The results are used in the schools of Turkestan.

Key words: class, selection, selection, teaching methods, students, innovative teaching.

Кіріспе

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды – машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады [1, 2].

Қазақстан мектебінің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік – экономикалық жағдайын жақсарту бағытында оқушыларға жүйелі, нақты білім беру. Алайда, инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы оқушылардың білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қоғамдық сұранысқа сай қалыптастыру еліміздің барлық жалпы білім беретін мектептерінің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Әлі де болса көптеген мектептер оқыту процесін ұйымдастыру мен жүргізуде оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдерін пайдаланумен шектелуде. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мектепті сапалы

түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір мектепке өзіндік даму жолын табуға, әрбір мұғалімге өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын мектеп практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы [1, 2].

Әдіс – оқу – тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл – ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Сонымен бірге, кез келген педагогикалық технология мынадай негізгі әдіснамалық талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

Концептуалдық. Әрбір педагогикалық технология оқу мақсаттарына жетудің философиялық, психологиялық, дидактикалық және әлеуметтік – педагогикалық негіздері белгіленген нақты ғылыми концепцияға сүйенуі қажет.

Жүйелілік. Педагогикалық технология әрбір бөлігі өзара тығыз байланыста болатын үрдістің тұтастық логикасымен қамтамасыз етілуі тиіс. Технология басқарылуы тиіс, яғни, мақсат қою, жоспарлар құру, оқу үрдісін жобалау, әрбір этапқа сай диагностика, нәтижелерді түзету мүмкіндігін беретін әдіс – тәсілдердің көп варианттылығы.

Басқаруға оңтайлылық. Диагностикалық болжау жасауға, жоспарлауға, нәтижені өңдеу, өзгеріс енгізу мақсатында әдіс – тәсілдерді кезектеп пайдалану мүмкіндігі болуы керек.

Тиімділік. Қазіргі заманғы технологиялар нәтижелілігі жағынан да, оған кететін шығындар жағынан да тиімді болып, белгілі бір оқыту стандарттарына жетуге кепілдік бере алуы қажет. Технологияның қайта қалпына келтірілуі. Бұл критерий белгілі бір технологияның басқа мекемеде, басқа субъектілермен жүргізіле алуы мүмкіндігін меңзейді.

Қайталауға жарамдылығы. Басқа ұжымда, басқа сабақтарда дәл осы күйде пайдалануға, қолдануға мүмкіндіктің болуы.

Педагогикалық технологияның құрылымы мазмұнды және процессуальды компоненттерден тұрады. Мазмұнды компонентті *тұжырымдамалық* – мақсатқа жету құралдары, оқыту – тәрбиелеу процесінің тиімділігі туралы білімдер жүйесі, *диагностикалық* – педагогтің кәсіби педагогикалық бет пердесі, тұлғаның дербес ерекшеліктері мен оқушылардың дайындық деңгейі, *дидактикалық* – оқыту мазмұны, әдістер, әдістемелік тәсілдер; ұйымдастыру формалары; дидактикалық құралдар құрайды.

Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Биологияны пәндерінен ерекшелігі, ол қарапайым ағзалардан күрделіге өту жолын сараптап, жеке мүшелер мен бүтіннің құрылысы мен қызметінің өзара байланыстылығы және өзара тәуелділігін айқындауға, табиғаттағы құбылыстардың аса күрделі байланыстылық себептерін түсінуге мүмкіндік береді [3, 4].

Селекциялық жұмыстардың басты мақсаты мен міндеті – қоғамға қажетті мол өнім беретін, климат факторларына және ауруға төзімді өсімдік сорттарын, мал тұқымдарын және микроорганизмдердің штампыларын қысқа мерзімде шығару және жақсарту. Селекцияның базалық жұмыстар жүйесіндегі – фенотипі бойынша бағалау, іріктеу, сұрыптау, шыққан тегі, ұрпағының сапасы бойынша сынау және олардың сыртқы ортаға бейімділік қасиеттері бойынша бағаланады үйрену [3, 4].

Зерттеудің мақсаты жоғары сынып оқушыларына генетика және сұрыптау селекция тарауын оқытудың сипатын мектепте тәжірибе кезінде зерттеу жүргізу және оқытудың жетілдірілген әдістемесін жасап шығу. Зерттеу міндеттері жеке оқушының

дербес ерекшеліктерін, ынтасын, мүмкіндіктерін анықтау; қолданыстағы оқу – әдістемелердің оқушылардың үлгеріміне ықпалын анықтау; оқу – тәрбие үрдісін оқушылардың жеке басының дербес және дара ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында ұйымдастырудың жолдарын айқындау; генетика және сұрыптау тарауын оқытуда қолданылатын биологияны оқыту жүйесінде – инновациялық оқыту әдістерін жинақтау және қолдану; оқу тәжірибе барысында оқушылардың генетика және сұрыптау тарауын оқытуда, олардың түсінігін қалыптастырудың қолайлы нұсқасы мен әдіс – тәсілдерін жасау және оның тиімділігін тексеру [3, 4].

Зерттеу әдістері

Тәжірибе жұмыстары Түркістан қаласының мектептерінде жүргізілді. Тәжірибенің алғашқы кезеңінде жеке оқушының дербес ерекшеліктері, ынтасы, мүмкіндіктері анықталды. Зерттеудің нысаны: жалпы орта білім беру мекемесінде биология пәнін оқытудың педагогикалық үдерісі. Тәжірибеге 34 оқушы қатысты.

Зерттеу нәтижелері

Биология пәніне тұрақты ынта оқушының ізденімпаздығын, белсенділігін және өздігінен әрекет ету, мақсатқа жетуде табандылығын күшейтеді және биологияны оқытуда оқушының пәнді меңгеруге даярлығын қалыптастырудың тиімділігін арттыруда. Тұрақты іздемпаздықтың қозғаушы күші – оқушының қызығушылығы арқылы қандай – да бір білім мен іскерлікті сенімді нығайтады. Оқушының әрекетке қызығушылығын жоғарылататын немесе төмендететін белгілі стимулдар түрінде оқушының санасында психологиялық тұрғыдан көрінетін объективті логикалық және сыртқы факторлар болады.

Жалпы орта білім беру мектептерінде оқушылардың биология пәнін меңгеруге даярлығын қалыптастыруда биологияны мамандық таңдау бағытында оқыту тиімділігі оқушының өзінің болашақ таңдаған мамандығына ықпалы тиеді. Осыған орай, «Биология пәнін таңдаған оқушыларға сұрақ қойылды: «Биология пәнін таңдау не себеп болды?» Осы сұрақ арқылы оқушының болашақ мамандығын қаншалықты дәрежеде саналы таңдағанын анықтау болды.

Оқушылардың нақты, шынайы жауабын білу үшін, сауалнама сұрақтарының түпкі мақсаты түсіндірілген жоқ. Алдымен оқушылардың пәнге жалпы көзқарасын анықтау үшін қойылған бірінші сұрақ бойынша оқушылардың пәнді ұнамайды және білмеймін деп 50,0 % болжам болды. Оқушылардың пәнге қызығушылық мотивациясының төмендеуінің басты себептерін анықтау үшін екінші, үшінші сұрақтар ұсынылды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың 70,6 % бастапқыда биология пәнін оқуға қызығушылықпен кіріскен. Бұл жағдай оларға орта факторлары – жоғары оқу орнына түсуі, жаңа ортаға енуімен байланысты. Үшінші сұрақ нәтижесі бойынша алғашқыда пәнді оқуға қызығушылықпен кіріскен студенттің саны 35,3 % азайған.

Заманауи оқыту технологиялары арқылы оқушыларға селекция тарауын оқытуда білім мен тәрбие беру, жеке тұлғаның қызығушылығын қалыптастырып, белсенділігін көтере отырып, биологиялық білім деңгейін анықтауға болады. Оқушылардың дайындығы мен қабілеттеріне қарай білімін жоғары, орташа, төмен деңгейлері бойынша тексерілді.

Төменгі деңгей. Дайындығы: Оқушы тәжірибе барысында селекцияның заманауи әдістерінің алгоритмін жадында сақтаудың маңыздылығын түсінеді, бірақ оның болашақта қажет болатынына сенімді емес. Қызығушылығы онша емес, ғылыми

конференцияларда, дөңгелек үстелдерде олар тек тыңдаушы рөлін атқарады, баяндама жасамайды.

Қабілеті бойынша: Селекцияның заманауи әдістерінің кейбірін ғана біледі, мысалы соның ішінде «туыстық, туыстық емес будандастыру». Ал күрделі әдістері – гендік инженерия, биотехнология, жасушаны клондау туралы тіптен есінде сақтамаған.

Орташа деңгей. Дайындығы: Генетика мен селекцияның заманауи әдістері тапсырмаларын орындау келешекте биолог мұғалімі болып қалыптасуы үшін маңыздылығын түсінеді. Биологиялық құбылыстар мен нысандарға, оның ішінде генетика мен селекцияның заманауи әдістері, оларды зерттеу әдістерін меңгеруге қызығушылықпен және жауапкершілікпен қарайды. Оны мектепте биологиялық сипаттағы зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда қажет болады деп есептейді. Бірақ, өзін оқу бағдарламасының мазмұнындағы тапсырмаларды және оқу зерттеу әрекеттерін ғана орындаумен шектейді. Ғылыми – зерттеушілік әрекеттерге белсенді қызығушылық танытпайды.

Қабілеті: Білімі жақсы және селекцияның заманауи әдістері бойынша тұқым қуалаушылық негізін құрайтын генетика пәндердің әдістерін меңгерген. Орындаған курстық, өзіндік жұмыстары толық ашылмайды (негізінен жұмыстың мақсаты мен міндеті ғана көрсетіледі). Оқушылар мектеп ішілік конференцияларда баяндама жасайды. Ғылыми жаңалықпен ерекшеленетін проблемаларды зерттеуге аса құлқы жоқ. Аймақтық, республикалық байқауларға, конференцияларға бармайды.

Жоғары деңгей. Дайындығы: Мотивациялық өрісі қалыптасқан. Мотиві өзін өзі іске асыруға және өзін өзі жетілдіруге бағытталған. Генетика және селекцияның заманауи әдістері болашақ мамандықты игерудің маңызды шарты деп есептейді. Оқу бағдарламасының мазмұнынан тыс білімді де танып білуге ұмтылысы зор. Оқушы зерттеу жұмысы бойынша мектептен тыс байқауларға да қатысады. Зерттеуді мектептен тыс жағдайда да жалғастыруды мақсат етеді.

Қабілеті: Генетика және селекцияның заманауи әдістері бойынша терең білімді, фенотипі бойынша бақылау жүргізу әдістері мен әдістемесін меңгерген. Маңызды зерттеушілік біліктіліктері қалыптасқан: проблеманы айқындай алуы, мақсат мен міндетін болжамын дұрыс рәсімдеп, бақылау мен тәжірибе жүргізуді жоспарлай алу, бастапқы мәліметтерді сараптап, зерттеу нәтижесін бағалай алу. Зерттеудің әдіснамалық аппараты толық ашылып, жазылады. Оқушылардың ғылыми конференцияларында өз зерттеу жұмыстарының нәтижесін толық қорғай алады.

Оқушылардың ынталық қасиеттерінің деңгейін анықтау үшін тәжірибе басында және тәжірибе соңында эксперимент және бақылау сыныптары оқушыларына төмендегідей анкеталық сауалнама ұсынылды (1 Кесте).

Кесте 1 Оқушыларға дайындалған сауалнама нұсқасы

<i>Сіз сабаққа қандай көңіл – күймен келесіз?</i>
<i>Жақсы; Нашар; Орташа</i>
<i>Сіздің биология пәніне деген көзқарасыңыз?</i>
<i>Ұнайды; Ұнамайды; Орташа</i>
<i>Сабақтың жеке, жұппен, топпен ұйымдастырылғанына көзқарасыңыз?</i>
<i>Ұнайды; Ұнамайды; Бәрібір</i>
<i>Осы пән саған ұнай ма?</i>
<i>Жақсы; Нашар; Орташа</i>
<i>Сабақ барысында мұғалімнің әдіс тәсілдер, көрнекіліктермен өткені ұнайды ма?</i>

<i>Ұнайды; Ұнамайды; Бәрібір</i>
<i>Сізге сабақты оқуға не кедергі келтіреді?</i>
<i>пәннің күрделілігі; қызығушылықтың болмауы; шамадан тыс көп оқу;</i>

Анкеталық сауалнама бойынша оқушыларға сауалнама қандай мақсатта алынып жатқаны түсіндірілген жоқ. Оқушылар өз ойларын еркін білдіру үшін сауалнамада аты – жөндері жазылмады.

Анкеталық сауалнама нәтижесі бойынша тәжірибе басталғанда орташа оқушылардың ынталық қасиеттерінің деңгейін сараптағанда, мұнда төмен деңгейдегі оқушылар үлесі – 26,5 % (9 оқушы), орташа деңгейдегілер үлесі – 50,0 % (17 оқушы) және жоғары деңгейдегілер үлесі – 23,5 % (8 оқушы) құрады. Ал тәжірибе өткеннен кейін оқушылардың ынталық қасиеттерінің деңгейін сараптағанда, оның ішінде ынтасы төмен деңгейдегілер үлесі 17,6 % (6 оқушы) азайып, ынтасы жоғарылар үлесі 38,2 % (13 оқушы) артқанын байқалды.

Қортынды

Тәжірибенің кезеңінде жеке оқушының биология пәніне қызығушылығы анықталды. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың 70,6 % бастапқыда биология пәнін оқуға қызығушылықпен кіріскен. Бұл жағдай оларға орта факторлары – жоғары оқу орнына түсуі, жаңа ортаға енуімен байланысты. Үшінші сұрақ нәтижесі бойынша алғашқыда пәнді оқуға қызығушылықпен кіріскен студенттің саны 35,3 % азайған.

Оқушылардың ынталық қасиеттерінің деңгейін анықтау үшін тәжірибе басында және тәжірибе соңында эксперимент және бақылау сыныптары оқушыларына төмендегідей анкеталық сауалнама ұсынылды. Анкеталық сауалнама нәтижесі бойынша тәжірибе басталғанда орташа оқушылардың ынталық қасиеттерінің деңгейін сараптағанда, мұнда төмен деңгейдегі оқушылар үлесі – 26,5 % (9 оқушы), орташа деңгейдегілер үлесі – 50,0 % (17 оқушы) және жоғары деңгейдегілер үлесі – 23,5 % (8 оқушы) құрады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасы «Білім мемлекеттік бағдарламасы» / Қазақстан мұғалімі. – 2000. – № 33 – 34.
2. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. – № 3, 4, – 1999.
3. Верзилин Н.М., Корсунская В.М. Общая методика преподавания биологии. М, «Просвещение», 1987г С – 358.
4. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы. Қарағанды, ЖШС «САНАТ Полиграфия» баспасы, 2006 – 344 бет.

ӘОЖ. 636. 084

**АСЫЛ ТҰҚЫМНЫҢ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ БАСЫН
БІРІКТІРЕТІН БУДАН****Бақтыбаев М.С.***(а.ш.ғ.к., М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, ауыл шаруашылығы кафедрасы,
Петропавл қ., baktybayevdidar@mail.ru)***Байсеит Г.А.***(магистр, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, ауыл шаруашылығы кафедрасы,
Петропавл қ.)***Муканова Ф.А.***(магистр, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, ауыл шаруашылығы кафедрасы,
Петропавл қ.)***Аңдатпа**

Мал шаруашылығының тәжірибелі бақташылары тумаған бұзаудың қамын оның ана құрсағында жатқан кезінен бастап ойлайды. Жаңа туылған буданды таза сабан төселген қоршау – торларда ұстайды. Бұзауды серуенге күн шуакты кезде шығарса, ағзасы шынығып, күннің ультракүлгін сәулесінен терісінде Д витамині түзіліп, мешел мен басқа ауруларға шалдықпаушылығы артады. Төл өсіру – ірі табынынан өнімді көп алудың негізгі бір жолы.

Түйінді сөздер: Мәдени емес (жергілікті, төмен өнімді) тұқымдар, жергілікті мал, будандастыру, қанның үлесі, тектік қор, тұқымды таза өсіру.

Аннотация

В животноводстве опытные пастухи заранее заботятся о состоянии еще не родившегося приплода во внутриматочном утробе. Только – что родившегося гибрида содержат в огороженной клетке на свежей соломе. Теленка выгоняют на прогулку в яркий солнечный день, тогда организм закаляется, солнечные ультрафиолетовые лучи на коже образуют витамин Д, таким образом повышается устойчивость к различным болезням. Выращивание гибрида – один из основных путей получения большой продукции от крупного стада.

Ключевые слова: Примитивные (местные, низкопродуктивные) породы; местный, беспородный скот; скрещивание, доля крови, генофонд, чистопородное разведение.

Annotation

In cattle breeding, experienced shepherds take care of the condition of an unborn litter in the intrauterine womb. A newly born hybrid is kept in a fenced cell on fresh straw. A calf is walked in the fresh air on a warm sunny weather.

It helps the calf's body become forged as well as ultraviolet rays of sunlight provide its skin with vitamin D. As a result, the calf's resistance to various diseases increases.

The cultivation of a hybrid is one of the main ways of obtaining large products from a large herd.

Key words: primitive (local, low – productive) breeds, local mongrel cattle, crossbreeding, blood share, gene pool, thoroughbred breeding.

Кіріспе

Өндірісті ұйымдастырудың прогресшіл формасы ретінде мал шаруашылығын шаруашылықаралық кооперация негізінде мамандандыру және шоғырландыруды республикамыздың барлық аймақтарында енгізуге болады.

«Шағын және орта бизнес – әлемнің дамыған 30 елдерінің қатарына ену үшін «Кілт» – дейді Н.А. Назарбаев.

Елбасының халыққа деген жолдауында ауыл шаруашылық саласына соның ішінде мал шаруашылығы мақсатқа 130 миллиард теңгелік несие ресурстарын бөлінуі.

Бұл ауылдық жерлерде 20 мыңнан астам жұмыс орындарын ашуға мүмкіндіктер береді, жүз мыңнан астам ауыл тұрғындарының кіріс көзіне айналады. Мұның өзі малдың барлық түрінің асыл түліктері мен тұқымдарының бас санын көбейтуге мүмкіндік береді. Н.А. Назарбаев [1].

Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Кеңес» шаруашылығы мал қораларында асыл тұқымды бұқалардан алынған асыл тұқымның жақсы қасиеттерінің басын біріктіретін ұрпақтарын өсіріп – жетілуін зерттеу, ғылыми – шаруашылық жұмыстары жүргізілді.

Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Кеңес» шаруашылығы мал қораларында келесі жүргізілген ғылыми – шаруашылық жұмысы барысында;

Бойына біткен өнімділігі бойынша бұқашықтарды сынау мал асылдандыру жұмыстары бойынша жетілдіру болып табылады. Бұл бағалау жүйесі ойдағыдай ет шаруашылығында да сол сияқты сүт шаруашылығында да ойдағыдай қолданылуда.

Бойына біткен өнімділігі бойынша бұқашықтарды бағалау асыл тұқымды бұқашықтарды алдын ала селекция жүргізуге және ең жақсы ұрпақтары бойынша бағалау үшін бөліп алынуы.

Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Кеңес» ауыл тұрғындарының қораларында бағып отырған сиырларының негізі жергілікті қырдың қызыл сиырлары.

Аудан әкімшілігінің қолдауымен мал асылдандыру мақсатында асыл тұқымды 14 бас бұқа берілген.



Сурет 1 Екі бас асыл тұқымды бұқаларын Кенжалин Мұрат Сапарұлының өзі жеке меншік қорасында бағып – қағып, қолынан келгенше оларға қолайлы жағдай жасауда. Жоғарыдағы фотосуретте солардан көрініс

Асыл тұқымды бұқаларды азықтандыру алдында дәнді жарып, ұнтақтап, мыжып берсе қорытылуы жақсарады. Оның үстіне, бірнеше жем түрін араластыру арқылы, бірінің – бірі аминқышқылдық, минералдық, витаминдік құрамын байытуының арқасында, жем қосындысының құнарлығын арттыруға болады. Бұл, әсіресе, тұқымдық бұқаны азықтандыруда қолданылатын ұтымды әдіс.

Кеңес ауылының өзінде 4 бұқа. Малдың көп өнім беруі, оның генотипіне байланысты. Мал тұқымын асылдандыру, олардың өнімділігін жылдан – жылға

арттыру және малдың конституциялық – экстерьерлік мықтылығын дамыту ісі төлді жақсы өсіруге байланысты. Әсіресе, аса сүтті ірі қара малы мен асыл тұқымды бұқалардан алынған будандарға, ата – тектерінің қасиеттілігін дамыту үшін, шаруашылықтың өзінде бар азықты жегізіп үйреткен дұрыс. Мал жастайынан азықпен толық қамтамасыз етілсе, олардың тұқым қуалаушылық заңдылықтары толық айқындала алады.

Бойына біткен өнімділігі бойынша бұқашықтарды сынау мал асылдандыру жұмыстары бойынша жетілдіру болып табылады. Бұл бағалау жүйесі ойдағыдай ет шаруашылығында да сол сияқты сүт шаруашылығында да ойдағыдай қолданылуда. Сол себепті ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Кеңес» шаруашылығы мал қораларында асыл тұқымды бұқалардан алынған ұрпақтарының бойына біткен өнімділігі бойынша бұқашықтарды сынап – өсіруіне байланысты ғылыми – шаруашылық жұмыстары жүргізілді.

Асыл тұқымды бұқалардан алынған ұрпақтарының бойына біткен өнімділігі бойынша бұқашықтарды сынау жұмыстарының басты мақсаты: жас кезінен бастап қалаған ет немесе сүт өніміне бағыттап және ірі қара табынан өнімді көп алу үшін өсіру.

Осыған орай, асыл тұқымды бұқалардан алынған будандарды өсіруде малдың өсу және даму заңдылықтарын есепке ала отыра зерттеу *міндеттеріне* келесі мәселелер кіреді: бойына біткен өнімділігі бойынша бұқашықтарды сынауы үш түрлі көрсеткіштермен, азық шығынына есеп, бұл өте көп еңбекті қажет ететін процесс, ал бағалау сапасы шамалап төмендейді, жоғары теріс корреляция мен тірілей салмағының өсуі мен азықты жеуі, бұқашық азықты неғұрлым азықты молырақ жесе, соғұрлым тірілей салмақ массасы 1 кг өсу шығыны (–0,5 – 0,8) төмендейді.

Материалдар және зерттеу әдістері

Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Кеңес» шаруашылығы мал қораларында асыл тұқымды бұқалардан алынған асыл тұқымның жақсы қасиеттерінің басын біріктіретін ұрпақтарын өсіріп – жетілуін зерттеу, ғылыми – шаруашылық жұмыстары жүргізілді.

Бойына біткен өнімділігі бойынша бұқашықтарды бағалау ғылыми – өндірістік тәжірибе жұмыстары ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Кеңес» шаруашылығында өткізілді. Онда әрқайсысы 15 бастан тұратын 4 топ құрылды:

- I – ші топ. таза тұқымды;
- II – ші топ. аралас будан ұрпақ;
- III – топ. таза тұқымды;
- IV – топ. аралас будан ұрпақ.

Бұқашықтарды бағалау үш түрлі көрсеткіштері бойынша: орташа тірілей салмағы, орташа тәуліктік өсуі, ет пішіндері 60 балдық шкала бойынша, етті жануарларды инструкция негізінде бонитировкалау.

Бойына біткен өнімділігі бойынша нәтижесінде келесі барлық сынақтағы бұқашықтар қарқынды өсіп, олардың орташа тірілей массасы және орташа тәуліктік салмақ қосуы бойынша жастарына қарай тұқымның стандарт талаптарына сәйкес келеді.

Ірі қара төлін өсіру технологиясы. Сүтті және етті бағыттағы сиырлардың бұзаулары әр түрлі тәсілмен өсіріледі. Етті бағыттағы тұқым сиырларының бұзауын интенсивті өсіру және тез жетілгіштігін арттыра түсу үшін протеин, ақуызы көп жем шөппен азықтандырады.

Мал төлден өседі. Сондықтан мал шаруашылығының тәжірибелі бақташылары тумаған бұзаудың қамын оның ана құрсағында жатқан кезінен бастап ойлайды. Бұзау

туғаннан кейін оларды көлемді, шырынды азықтарды көп, ал жемді азырақ беріп өсіреді.

Бұл жағдайда оның сүттілігі, әсіресе, бұлшық етінің өсуі тұрғысындағы тұқым қуалаушылық мүмкіншілігі ерте бастан ашыла түседі. Сондықтан, етті бағыттағы тұқым бұзауларын енесінің бауырында, жеммен қосымша азықтандыра отырып өсірген дұрыс. Ірі қара мал етінің өніміне және еттік қасиетіне, оның жасының әсері өте мол [2].

Бірақ көк балауса пішен мөлшерін шектеген жөн. Бір жасынан 15 айына дейін таза қанды мал да, будан мал да майы аз бұлшық ет жинайды. Сондықтан оларды осы уақытта бордақылауға қойған орынды.

Ғылыми жаңалығы: Тәжірибе өткізу кезеңінде IV – топтағы бұқашықтар қарқынды өсті, олардың 18 айлығында тірілей салмағы 485 кг – ды құрап, клас элита талаптарына сәйкес келіп, IV – топтағы бұқашықтар көрсеткіштері қалғандарынан асып кетті I – ші топтан 31,4 кг., II – ші топтан 8,1 кг., III – топтан 23,7 кг., бұқашықтар жақсы ет пішінімен бағаланды. Ет пішінімен ең жақсы бағаланған II – топ және IV – топ бұқашықтары. Бұқашықтарды бағалау 60 балдық шкала бойынша өткізілді. Бұқашықтарды бағалау кезінде I – топ 37,8 балды алса, II – топ 49,8 балды алса, III – топ 46,4 балды алды. IV – топ 56,6 балды алған болатын. Бұқашықтарды сынауда ет пішіні көрсеткіштері бойынша элита класс талаптарына орташа сәйкес келеді.

Бұқашықтардың бойына біткен өзіндік өнімділігі бойынша бағалау нәтижесінде: I – топ., II – топ., III – топ., – I класс, IV – топ. – элита болып табылады.

«Кеңес» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінде Кеңес ауыл тұрғындары өздерінің дербес үй шаруашылығы жеке меншік ірі қара малға арналған жаңа туған бұзау бір қора жайда – профилакторийде өсіріледі. Профилакторийде бұзау жеке клеткада ұсталады. Бокстар – саңылаусыз, жылы, құрғақ, стерильденген бөлме. Әуелі бокс дезинфекцияланады, содан соң ғана бұзау жібеледі. Жаңа туған бұзаулар әуелі жеке қоршауларға кіргізіледі де онда 3 – 5 тәулік ұсталып, содан соң жалпы қоршауға көшіріледі. Бұзаулардың жылуды аз бөлінуіне байланысты малды инфра – қызыл жылытқышпен қыздыру жолымен дұрыс микроклимат жасауға болады.

Секциялар босатылған соң; жеке қоршаулар; еден; қабырға, төбе жуылып; тазартылады да күйдіргіш натрийдың 3 – 4 пайыз ыстық ерітіндісімен дезинфекцияланады.

Төл өсірудің теориялық негізі

Малды дұрыс азықтандырудың және жақсы күтіп – бағудың нәтижесінде ол дұрыс қалыптасып; өніп – өседі, сыртқы дене пішіні жақсы болумен қатар; ішкі мүшелері де жақсы жетіледі.

Ірі қара малының постэмбрионалдық (бұзау туғаннан кейінгі) өсіп, даму уақытын 5 кезеңге бөледі: уыз сүтті, сүтті, қарқынды өсу және жыныстық жетілу, өнімділігінің қалыптасуы және өнімді мол беру және кәрілік кезеңі.

Уыз еметін шақ. Бұзаудың уыз еметін шағы 7 – 10 күнге созылады. Уызды алғашқыда еміздікті ыдыспен емізеді. Содан соңғы 3 – 5 күн ішінде күніне 3 – 4 рет, 1,5 – 2 л уыз емізеді. Жасында уызға барынша тойған бұзау жақсы өседі деген бұзаушылардың тұжырымы бар.

Сүт еметін кезең. Бұзау өсірудің бұл кезеңінде екі түрлі, яғни сүтті қолдан емізу және теліп өсіру тәсілі қолданылады. Қолдан емізіп өсіргенде профилакторий кезеңінен соң бұзауларға құрама сүт береді. Тұқымал шаруашылықтарында бұзауға 3 – 4 апта таза сүт беріп, содан соң бірте – бірте көк сүтке ауыстырады. Жылдық сүттің орташа майлығын анықтау әр айда сауылған сүтті (мысалы, 400 кг) сол айда анықталған сүттің майлығына (4 % – ке) көбейтіп, майлығы бір пайыздық сүтке айналдырады [3].

Зерттеу нәтижелері

Тәжірибе өткізу кезеңінде IV – топтағы бұқашықтар қарқынды өсті, олардың 18 айлығында тірілей салмағы 485 кг – ды құрап, клас элита талаптарына сәйкес келіп, IV – топтағы бұқашықтар көрсеткіштері қалғандарынан асып кетті 1 – ші топтан 31,4 кг., II – ші топтан 8,1 кг., III – топтан 23,7 кг., бұқашықтар жақсы ет пішінімен бағаланды. Ет пішінімен ең жақсы бағаланған II – топ және IV – топ бұқашықтары. Бұқашықтарды бағалау 60 балдық шкала бойынша өткізілді. Бұқашықтарды бағалау кезінде I – топ 37,8 балды алса, II – топ 49,8 балды алса, III – топ 46,4 балды алды. IV – топ 56,6 балды алған болатын. Бұқашықтарды сынауда ет пішіні көрсеткіштері бойынша элита класс талаптарына орташа сәйкес келеді.

Бұзауды 20 – 25 күнінен кейін жемге үйретеді. Алғашында әрқайсысына 50 г, ал сүт ему кезеңінің соңында 0,6 – 1,5 кг дейін жеткізеді. Жемнің ішіндегі жұғымдысы – сұлы жармасы, бидай кебегі және құрама жем.

Сүтті және сүтті – етті бағыттағы тұқым бұзауларын әуелден – ақ балауса, пішен, сүрлем, пішендемені көптеп жеуге, ал жемді аз пайдалануға үйретеді. Алғашында бұзаудың түйілуі, қақалып қалмауы үшін жемді суға араластырып, бұқтырып береді.

Симменталь ірі қара малы жақсы бордақыланады, еті дәмді. Егер төл етке арналған болса, оларды барлық өсіп – даму кезеңінде үнемі молынан азықтандыру керек, сонда ғана олардың денесіне ет және май ерте бітеді. Жас малдардың 18 айлығында тірілей салмағы 440 – 480 кг жетеді [4].

Жаз айларында бұзауды өріске шығарып, сонда ұстаған дұрыс. Жайылым құрап кетсе, бұзау қосымша азықтандырылады. Жаз айларында 3 айлық ұрғашы бұзауға тәулігіне 0,1 кг жем, 4 – 5 айлығында 0,5 кг, алты айлығында 0,4 кг жем беріледі. Бұзауды балауса азыққа туғанына 3.0 – 15 күн толған соң үйрете бастайды, қызыл сәбіз бұзауға қыс айларында таптырмайтын азық. Алғашқы күндері осындай 100 – 200 г сәбіз жұқалап жонып беріледі де, бергін келе турап беруге болады. Алты айдан соң пішенмен сүрлемді, пішендемені қажетінше салады. Ал жазда өріс шөбіне қосымша балауса беріледі.

«Кеңес» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінде Кеңес ауыл тұрғындары жеке меншік қораларында сауып отырған сиырларының арғы тегі қырдың қызыл ірі қара малдары болып саналады [5].

Симменталь асыл тұқымды ірі қара малы – етті – сүтті тұқымға жатады. Жас малының ет шығымдылығы 55 – 58 %. Сүттілігі әр жерде әр түрлі [6].

Әдетте; белгіленген бағытта жақсы төл алуды алдын ала жоспарлап алады. Малдың 1 кг қосуына жұмсалатын азықтың мөлшерін (азықтық бірлік бойынша) төмендегі келесі Кесте – 1 – де – де келтірілген.

Кесте 1 Малдың 1 кг қосуына жұмсалатын азықтың мөлшерін
(азықтық бірлік бойынша)

Жасы (ай)	Тәуліктік қосуы, кг	Бір кг қосуына жұмсалатын азықтық өлшем, кг	Бір кг қосуына жұмсалатын қорытылатын протеин, г
1 – 3	0,5 – 0,8	3,5 – 4	120 – 130
4 – 6	0,5 – 0,8	5 – 6	110 – 120
7 – 9	0,4 – 0,7	7 – 8	100 – 110
10 – 12	0,4 – 0,7	8 – 9	100 – 110
13 – 18	0,4 – 0,6	10 – 11	90 – 100

Нәтижелерін талдау

Тәжірибе өткізу кезеңінде IV – топтағы бұқашықтар қарқынды өсті, олардың 18 айлығында тірілей салмағы 485 кг – ды құрап, клас элита талаптарына сәйкес келіп, IV – топтағы бұқашықтар көрсеткіштері қалғандарынан асып кетті I – ші топтан 31,4 кг., II – ші топтан 8,1 кг., III – топтан 23,7 кг., бұқашықтар жақсы ет пішінімен бағаланды. Ет пішінімен ең жақсы бағаланған II – топ және IV – топ бұқашықтары. Бұқашықтарды бағалау 60 балдық шкала бойынша өткізілді. Бұқашықтарды бағалау кезінде I – топ 37,8 балды алса, II – топ 49,8 балды алса, III – топ 46,4 балды алды. IV – топ 56,6 балды алған болатын. Бұқашықтарды сынауда ет пішіні көрсеткіштері бойынша элита класс талаптарына орташа сәйкес келеді.

Бұзауды сүт ему кезеңінен соң өсіру, алты айдан әрі қарай бұзаудың бұлшық еті, сүйегі, ішкі органдары қарқынды өсетін мезгілі басталады. Сүтті тұқым төлдерін серуендету міндетті, себебі ол сүттің қалыптасуына әсер етеді. Серуендеуде болмағандарымен салыстырғанда сүті 15 – 20 % артық болады [7].

Етті ірі қара мал шаруашылықтарда керісінше, жемді көбірек береді. Бірінші тәсілді қолданғанда өсіп келе жатқан малдардың организмінде зат алмасуы күшейіп, әрі ас қорыту органдары жақсы жетіледі. Сөйтіп, мұның барлығы сүттің көп болуына әсерін тигізеді. Симменталь ірі қарасы асыл тұқымды мал шаруашылықтарының табындарын толықтыруда ерекше рөл атқарды, асылдандыру үшін қолданылады, себебі, бұл тұқым етті және сүтті, ал тірілей салмағы көп болады. Сүтті сиырлар бұл тұқымда көп [8]. Жақсы өскен ұрғашы бұзаулардың тірілей салмағы туғандағы салмағынан 7-8 есе өсіп, 250 – 280 кг тартатын болады.

Малдың тұқымдық қасиеті деп оның өнімі өзінен артық болмаса кем емес, сапалы ұрпақ беру қабілетін айтады. Малдың бұл қабілеті, сайып келгенде, оның генотипіне, яғни тұқым қуалаушылық – нәсілдік қасиетіне байланысты. Міне, осының бәрі малды тікелей генатипі бойынша бағалау арқылы сұрыптау қажеттігін туғызады.

Жануарлардың әр түрлі генатиптері өсімтал тайынша – қашарларының өсуі мен дамуы туралы көрсеткіштері тірілей салмағы және экстерьері – конституциялық ерекшеліктері [9]. 18 айлық малдың тірілей салмағы сақа сиыр салмағының 70 % құрап, 350 – 360 кг жетуі керек. Симменталь ірі қара малы етті және сүтті, ал тірілей салмағы көп болады. Бұзауларының тірілей салмағы туғанда 35 – 45 кг – ға дейін тартады, 6 айлығында 190 – 220 кг – ға жетеді. Ірі қара малының орташа тірілей салмағы 550 – 620 кг, бұқаларының салмағы 850 – 1000 кг. Кейбір ірі қара малының салмағы 870 кг дейін жетсе, бұқаларының салмағы 1300 кг болады [10]. Симменталь сиыры жергілікті сиырларды асылдандыру үшін пайдаланылады, себебі бұл тұқымның тірілей салмағы басқа сиырларға қарағанда көп жоғары болды. Сүті мен етінің сапасы жоғары және жақсы жерсінетін болғандықтан, көп елдерге таралған [11]. Мал шаруашылығы. Мемлекеттік көмек көрсету бағдарламалары. Ірі қара мал. Субсидияға бағыттау: Асыл тұқымды төлдерді арзандату; Етті – сүтті асыл тұқымды малдарға субсидия [12].

Қорытынды

Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі «Кеңес» шаруашылығы мал қораларында асыл тұқымды бұқалардан алынған ұрпақтарын өсіруде жүргізілген ғылыми – шаруашылық жұмыстарының нәтижесінде.

Бұқашықтардың бойына біткен өзіндік өнімділігі бойынша бағалау нәтижесінде: I – топ., II – топ., III – топ., – I класс, IV – топ. – элита.

Бұқашықтардың бойына біткен өзіндік өнімділігі бойынша бағалау нәтижесінде II – топ. аралас будан ұрпақ және IV – топ. аралас будан ұрпақтары өсу энергиясы жоғары екендігімен ерекшеленді және жергілікті табиғи – климаттық жағдайына өте жақсы бейімделген.

Әдебиет:

1. Н. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жана мүмкіндіктері» атты Жолдауы [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan – respublikasynyn – prezidenti–n–nazarbaevty_n–kazakstan–halkyna–zholdauy–2018–zhylgy–10–kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan_respublikasynyn_prezidenti_n_nazarbaevty_n_kazakstan_halkyna_zholdauy_2018_zhylgy_10_kantar) (10.01.2018).
2. Аманжолов К.Ж., Бексеитов Т.К., Сағынбаев А.Қ., Қарибаева Д.К., Бисембаев А.Т., Жантлеуов Д.А., Косаев Т.К., Буралхияев Б.А., Ахметова Г.М., Спатай Н.Н., Бейсенов А. Қазақстан аймақтарындағы жергілікті жақсартылған сиырларды арнайы етті тұқым бұқаларымен будандастыру нәтижесінде алынған бұқашықтардың ет өнімділігі // Жаршы. – 2017. – № 1–2. – Б. 84 – 90.
3. Боев М.М., Стрекозов Н.И. Селекционно – генетические аспекты повышения жирности молока крупного рогатого скота // Вестник Российской сельскохозяйственной науки 2009. № 2. С.86 – 89.
4. Бексеитов Т.К., Криворучко Д.А. Неміс симментальдің ет өнімділігі // ПМУ Хабаршысы 2016. № 2 С. 76 – 82.
5. Кузьменко Г.Т. Характеристика хозяйственно полезных признаков красного степного скота и его помесей с голштинской породой в зоне Северного Казахстана // Автореферат. Диссертация. Троицк. 2009. 139 с.
6. М.Арчибальд, Дж. Шуберт, Молочное и мясное скотоводство М.: 2004. – № 6. – С.8 – 9.
7. Медведский В. Растим ремонтных телочек // Животноводство России. – 2017. – № 12. – С.49 – 51.
8. Нургазы К.Ш. Досымбеков Т. Нургазы Б.О. Клинические показатели телок мясных пород и их помесей в условиях южного прибалхашья // Многопрофильный научный журнал Костанай. 2011. № 1.
9. Нургазы К.Ш., Кайруллаев К.К., Кулманова Г.А., Нургазы Б.О., Турганбаева Ф.А. Количественный и качественный состав стада крупного рогатого скота разных генотипов в условиях Южного Прибалхашья // Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан. – 2016. – № 3. – С. 15 – 18.
10. Скориков В.Н., Нежданов А.Г., Михалев В.И., Панфилова А.О. Физиологические показатели нетелей и продуктивные качества первотелок симментальской породы при разном возрасте ввода их в воспроизводство. // Молочное и мясное скотоводство. – 2016. – № 2. – С. 37 – 39.
11. Шевхужев А.Ф., Смакуев Д.Р. Продуктивность коров симментальской породы в процессе адаптации в условиях Карачаево – Черкессии // Молочное и мясное скотоводство. – 2016. – № 2. – С.13 – 17.
12. Ірі қара мал // Шағын бизнеске арналған 100 жоба. – Алматы, Қазақпарат. 2014. – Б.250 – 251.

УДК 634.75 (571.56)

**ФОТОПЕРИОДИЧЕСКАЯ РЕАКЦИЯ *FRAGARIA ORIENTALIS* LOS.
В УСЛОВИЯХ ЯКУТИИ**

Белевцова В.И.

(к. с/х. н., доцент, ст. науч. сотр. ФГБНУ «Якутский научно – исследовательский институт сельского хозяйства им. М.Г. Сафронова», г. Якутск)

Аңдатпа

Орталық Якутия жағдайында *Fragaria orientalis* Los – тың аборигенді түріндегі өсімдіктерінде фотомерзімдік жағдайларда (табиғи ұзын және жасанды құрылған қысқа күні) реакция қаралады.

Түйінді сөздер: шығыс бүлдіргені, фотомерзім, экология, жерсіндіру.

Аннотация

Рассматривается реакция на фотопериодические условия (естественный длинный и искусственно созданный короткий день) у растений аборигенного вида *Fragaria orientalis* Los. в условиях Центральной Якутии.

Ключевые слова: земляника восточная, фотопериод, экология, интродукция.

Annotation

The reaction to the photoperiodic conditions (long natural days as well as artificially created short days) of plants from aborigin species *Fragaria orientalis* Los. in Central Yakutia conditions is considered.

Key words: eastern strawberry, photoperiod, ecology, introduction.

Введение

Селекционная работа по созданию высокоадаптивных сортов земляники, отвечающим современным технологическим требованиям, является одной из актуальных задач ягодоводства Якутии. В отличие, от импортируемой плодово – ягодной продукции, ягоды местного производства, к числу которых принадлежит земляника, экологически безопасны, всегда востребованы и отвечают самым взыскательным запросам и требованиям.

Исследования по изучению якутских ценопопуляций земляники восточной в плодово – ягодном питомнике Якутского НИИСХ им. М.Г. Сафронова начаты в 1999 г. Цель настоящих исследований – изучение реакции якутских ценопопуляций земляники восточной, на изменение освещенности в условиях Центральной Якутии.

Свет для зеленых растений – фактор первостепенного физиологического значения. К наиболее важным и хорошо изученным реакциям растений на длину дня относится фотопериодическая регуляция образования цветков. Имеются короткодневные и длиннодневные растения, а также растения, нейтральные к длине дня. Благодаря эволюционной и генетической детерминированности фотопериодизма, фаза цветения у аборигенных видов растений, как правило, совпадает с наиболее благоприятным временем года в данной местности [1]. Культурные растения подвержены значительной географической изменчивости – в меньшей мере морфологической, в большей мере – физиологической и биохимической. Уменьшение силы и продолжительности освещения отражается на синтезе органических веществ, что влечет за собой расстройство питания, изменение форм и размеров растения [2].

Природные условия станции типичны для Центральной Якутии. Почва питомника мерзлотная, палевая, преимущественно среднесуглинистая по механическому составу, низкоплодородная, недостаточно обеспеченная подвижными формами элементов питания. Содержание гумуса в слое 0 – 20 см колеблется от 2,5 до 3,0 %.

Отличительной особенностью условий данного региона, является высокая интенсивность солнечного освещения в весенне – летний период, обусловленная северным положением территории (большой продолжительностью дня, незначительной облачностью и высокой прозрачностью атмосферы). В Центральной Якутии продолжительность солнечного сияния достигает 18 – 19 часов в сутки. В течение года количество часов солнечного сияния в среднем составляет 2294 часов, что выше на 646 часов, чем в Ленинграде. Продолжительность теплого периода, со среднесуточной температурой воздуха выше 0°C в земледельческой зоне республики, в среднем составляет за вегетационный период 150 – 165 дней: с конца апреля – начала мая до конца сентября. Сумма активных температур выше 10°C составляет за вегетационный период 1100 – 1600°C [3].

Материалом для изучения служили отборные формы земляники восточной из различных эколого – географических районов Центральной Якутии: Горного (пос. Бердигестях), Мегино – Кангаласского (пос. Хоробут) и Хангаласского (селекционная станция, г. Покровск).

Для сокращения светового дня использовали черную полиэтиленовую пленку, которой укрывали растения с 21 часа до 9 часов утра. Период укрытия – с 20 мая по 30 сентября.

Основные учеты и наблюдения проводятся согласно общепринятой программе и методике сортоизучения ягодных культур [4].

